


84(5 Қаз) 6

М 67

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

Ұшқан ұя



ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

Жиырмасыншы ғасыр қазақ халқының тағдырында саяси дүрбелеңге толы айрықша дәуір болғаны белгілі. Елімізде нелер бір дүбірлі оқиғалар, түбірлі қоғамдық өзгерістер мен жаңарулар өтті. Сөйтіп, сан-қилы мәдени, рухани сілкіністер тарих парағына өзінің өшпес таңбасын қалдырумен болды.

Алаңы көп осынау күрделі кезеңде өмір сүріп, елінің жарқын келешегі үшін, ұлтының намысы үшін қан майданда да, бейбіт күннің тайталасында да арыстандай арпалысып өткен ірі тұлғаның бірі Бауыржан Момышұлы екені даусыз.

Біз бәріміз Баукеңнің ұлағатты өмір жолымен, тәуекелшіл ер мінезімен, оның майдан даласындағы батырлығымен бала жастан таныспыз.

Бауыржан Момышұлы — өзі басқарған әскери құрамаларымен бірге Отан соғысына бастан аяқ қатысқан жауынгер. Ол соғысты Еуропаға жетіп бірақ аяқтаған.

«Ерлік білекте емес, жүректе» деген екен атам қазақ. Сол бабаларымыз айтқандай, соғыс жылдарында майдан даласында ерлік көрсетіп, қанды шайқастарда шыңдалған командирлер, әрине, жетіп жатыр. Бірақ жаудың қоршауын бір рет емес, сан мәрте бұзып-жарып өткен, сол қоршаулардан карамағындағы жауынгерлерін аман есен алып шыққан Бауыржан Момышұлыдай ержүрек командир сирек болар.



Бұл дерек — замандастары мойындаған Баукең өмірінің бұлтартпас шындығы. Біз үшін айта жүрер зор мақтаныш.

Соғыстың қайнап тұрған кезінде жазушы Александр Бектің “Волоколамское шоссе” атты романы жарық көргенін бәріміз білеміз. Кең тынысты бұл роман Баукеңнің батальонының ержүрек шайқастарын жан-жақты баян етеді. Соғыс кезінде комбат туралы дәл мұндай романның шығуы ерекше жаңалық болған.

Баукеңнің атағы шын мәнінде осы роман арқылы әлемге тарады деуге болады.

Баукең ғұмырында ешкімнен марапат сұрап, атақ-даңққа бөленуді мақсат етпеген кісі. Бірақ әлдебір ресми атақ алмаса да, ел мен жұрты ол кісіні «халық батыры» деп танығаны белгілі. Сөйтіп, туған халқы Баукеңді өмір бойы құрмет тұтты, алақандарына салып әлпештеп өтті.

Кескілескен жаумен жан беріп, жан алысып соғысса да, Баукеңнің қаһармандық еңбегі сол тұстағы билік тарапынан лайықты бағасын ала алмағанын жұртшылық бұрыннан біледі.

Мұрағат деректері Бауыржан Момышұлының айрықша батырлығын ескерген генерал И.В.Панфилов 1941 жылдың қараша айында оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынғанын айтады. Араға біраз уақыт салып, Баукең 1942 жылы сондай наградаға екінші рет ұсынылады.

Бұл екеуі де сол кездегі жоғарғы басшылық тарапынан жауапсыз қалыпты.

Батыр атағын алмауына Баукеңнің бетің бар, жүзің



бар демей, шындықты бетке айтып салатын туа біткен турашыл мінезі себеп болған секілді.

Қалай десек те, бұл — халық мойындаған батырға жасалған тарихи әділетсіздік болғаны рас.

Осы деректерді білгендіктен бұл мәселеге мен тікелей араласып, әрекет етуді өзімнің азаматтық парызым санадым.

Жарты ғасырдан астам бұрынғы оқиғаларды қайта жаңғыртып, шаң басқан құжаттарды қопарып, бар шындықты ақтарып жаңадан дәлелдеп шығу маған оңайға соққан жоқ. Аяқтан шалған кедергілер жеткілікті еді. Қаншалықты қиын болса да, ақыры біз жеңіп шықтық. Кезінде кеткен тарихи әділетсіздікті түзетуге қол жеткіздік. Соның арқасында 1990 жылы Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Өкініштісі — ол уақытта батыр ағамыз бұл дүниеде жоқ болатын.

Биылғы жылы, мінеки, өзінің 100 жылдық мерейтойы аясында Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағын бастырып шығарып жатырмыз.

Баукеңнің алғаш рет шығып отырған бұл толық шығармалар жинағы — мемлекет тарапынан қаһарман жазушының мұрасына жасалған лайықты қамқорлық.

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында Қазақстан жеке тәуелсіз мемлекет болып тарих сахнасына шықты. Қоғамның мақсаты мен мұраты өзгерді. Тарихта жаңа дәуір басталды. Осы жылдар ішінде еліміз өсіп-өркендеп, оның әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты артты. Әлем таныған, өркениет көшінің алдыңғы қатарындағы іргелі мемлекетке айнала бастады.




Қазақ елінің бүгінгідей гүлденіп дамуына қан майданда қолына қару алып, ал бейбіт заманда қаламымен өлшеусіз үлес қосқан Бауыржан Момышұлы сынды алыптардың сіңірген еңбегі зор деп білем.

Ерлікті де, еңбекті де келешек ұрпақ ешуақытта ұмытпауға тиіс.

Ерді ел мүддесі өсіреді, халық мұраты тұғырға көтереді деседі. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүйген, елжандылықты Баукеңдей өнеге етіп қалдырған қаламгер сирек шығар. Баукең: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу — сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс — күймейсің», — деп ұрпағына ұлағат айтып кеткен кісі.

Ендеше, біздің халқымыз, әсіресе жастар, осы қағидаларды әрдайым естерінде ұстағандары жөн.

Бәріміз де туған елімізге, сүйікті Отанымызға Бауыржан Момышұлындай еңбек етіп, қызмет жасай білейік.



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,

Қазақстан Республикасының Президенті



УКАЗ
ПРЕЗИДЕНТА СОЮЗА СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК

**О присвоении звания Героя Советского Союза
активным участникам Великой Отечественной
войны 1941—1945 годов**

За мужество и героизм, проявленные в борьбе с немецко-фашистскими захватчиками в Великой Отечественной войне 1941—1945 годов, присвоить звание ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА (посмертно):

МОМЫШ-УЛЫ Бауыржану — полковнику.
ХАБЕКОВУ Умару Хамидовичу — капитану.

Президент Союза Советских
Социалистических Республик М.С. ГОРБАЧЕВ

*Москва, Кремль.
11 декабря 1990 г.
№УП-1156*

МО СССР. ф. 8 ГВ. СД.
Опись 64722 с.д. 1. л. 56



ШҚАН ҰЯ

— Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүниесі салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті — менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып кара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшен аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған:

— Әй, қара құл, мен Құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса, немерелерімді жиіркенбей сүйейін, — дейді екен.

Бірде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын-сауықсыз болған ба? Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырлармен ілесіп менің Қызтумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады.

*Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басыңдағы орамал жасыл ала.*



*Көңілің бізде болса, а құдаша,
Біразырақ отыршы қасыңа ала.*

Қыздың даусы жайдары естілсе де, жалтара жауап қатып отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен ұзай қоймапты. Дегенмен сөз арасында «жақсы жігіт» дегенді жиілете берсе керек. Қызтумас әжем оны да сезіпті.

*Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.
Бас қосыптыз бұл тойда, жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.*

Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай ынтық көңілін ұсына беріпті:

*Мыңбұлақтың сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.*

«Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен», — деп әжем есіктен сығалап қараса:

*Қара батыр, құдаша, қара батыр,
Жау қайырап жасқанбай дара батыр.
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыптыз
Осы кесе сіз жаққа бара жатыр, —*

деп өлеңмен бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айғай салып:

— Өзің қазанның түп күйесіндейсің, күйеге күйе жұқса — не болмақ, Құдайым-ау! — деп баласын үйден қуып шығыпты. Анасының айтқанын ішінен ұнатпаса да, әкем оның ырқына көнеді екен.

Баласына қанша ұрсып, қатал болса да, әжем менің әкемді жақсы көріп, мақтан тұтып:



— Бұл кара құлдың түрі маған тартпаса да, ақылдылығы тартты, соған да Құдайға шүкір, — деп отырар еді.

Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.

Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келінінің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келінінің аруағына бағыштап құран оқытар еді.

— Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия, — деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын. Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, маңдайымыздан сүйетін.

Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болады.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң, Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқты жұлмалай, «не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

— Жеңешем ұл тапты, — депті.

Үрейден үрпіскен жұрт енді маз-мәйрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты!

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жегжат құтты болсынға жиналып қалған екен.



- О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!
- Ақментей бабасындай батыр болсын!
- Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын!
- Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!
- Домалақ анамыз жар болсын! — десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып ел қарияларынан бата сұраған екен.

— Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі, — десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

*Алатаудың қыраны мол еді –
 Қырағы болсын, құлыным –
 Қойнауы суға мол еді –
 Бұлағы болсын, құлыным.
 Елінің тілегі зор еді –
 Шырағы болсын, құлыным.
 Ата тілегі оң еді –
 Құмары болсын, құлыным.
 Бұл жер батырлар төрі еді –
 Сыңары болсын, құлыным.*

* * *

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

— Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, — депті шешем ізетпен иіліп. Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

*Құрық деп берсем — құл болма,
 Шыбық деп берсем — шіл болма.
 Бәрінен де, шырағым,
 Баяны жоқ ұл болма, —*

деп келініне мені қайтарып берген екен.